

Атырау облысының әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында карантиндік режимді енгізе отырып карантинді аймақты белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 108 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 05 мамырда № 3200 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 25.12.2019 № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы "Өсімдіктер карантині туралы" Заңының 9-1-бабы 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекциясы комитеті Атырау облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 06/71 ұсынысына сәйкес, облыс аумағын, өсімдік және өсімдік текті өнімдерін карантиндік нысандардың таралуынан қорғауды қамтамасыз ету және карантиндік нысандардың таралу ошақтарын дер кезінде анықтау, оқшаулау және толық жою мақсатында Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Атырау облысының әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағында карантиндік режимді енгізе отырып карантинді аймақ белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (С. Рысқалиевқа) және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция Комитетінің Атырау облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (А. Жанғалиевқа) (келісім бойынша) жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"Қазақстан Республикасы
 Ауыл шаруашылығы
 министрлігі агроөнеркәсіптік
 кешендегі мемлекеттік
 инспекция Комитетінің
 Атырау облыстық аумақтық
 инспекциясы" мемлекеттік
 мекемесінің басшысы
 _____ А. Жанғалиев
 2015 жылғы "17" сәуір

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы "
 17" сәуірдегі № 108 қаулысына қосымша

Аумағында карантиндік режимді енгізе отырып карантинді аймағы белгіленген әкімшілік-аумақтық бірліктер тізбесі

Укекіреге (қызғылт) карантин

№ р/ с	Аудандар атауы	Ауылдық округтер атауы	Ұйымдардың, шаруа (фермерлік) қожалықтардың атаулары, жер санаттары	Залалданған алаң, га
1	Махамбет	Бейбарыс	"Первомайский" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	200
		Ақтоғай	"Райхан" шаруа қожалығы	200
	Жиынтығы:			400
2	Қызылқоға	Жанкелді	Мемлекет қорындағы жерлер (әкімшілік, ауылдық округ)	200
		Ойыл	Мемлекет қорындағы жерлер (әкімшілік, ауылдық округ)	700
	Жиынтығы:			900
3	Индер	Бөдене	"Индер орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме" мемлекеттік мекемесі	200
	Жиынтығы:			200
	Барлығы облыс бойынша:			1500

Шөптесін өсімдіктерде паразиттік тіршілік ететін арамсоюларға карантин

№ р/ с	Аудандар атауы	Ауылдық округтер атауы	Ұйымдардың, шаруа (фермерлік) қожалықтардың атаулары, жер санаттары	Залалданған алаң, га
1	Атырау қ.	-	Мемлекет қорындағы жерлер (қалалық әкімшілік)	1,954
		-	Жеке меншік мекеме "Максимум" адвокат кеңсесі "	0,046
		Қайыршақты	"Қарағаев" шаруа қожалығы	40
	Барлығы облыс бойынша:			42

Калифорниялық қалқаншалы сымырға карантин

№ р/ с	Аудандар атауы	Ауылдық округтер атауы	Ұйымдардың, шаруа (фермерлік) қожалықтардың атаулары, жер санаттары	Залалданған алаң, га
1	Атырау қ.	Қайыршақты	"Қарағаев" шаруа қожалығы	27

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК